

Оразақыңқызы Ф.¹, Герай Фидан², Анипина А.К.³

¹Ph.D., филол ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²профессор, Анкара Хаджи Байрам Вели Университеті, Түркия, Анкара қ.

³докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

МАҚАЛ МЕН МӘТЕЛДІ КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ

Тілдің идиоматикасында құндылықтар жүйесі, адамгершілік, әлемге, адамға, басқа халыққа деген қарым-қатынас бейнеленеді. Мақал мен мәтелдер халықтың географиялық жағдайын, тарихын, дәстүрін, өмір сүру салтын суреттейді. Мақал-мәтелді жинақтайтын адамдар керекті мақал-мәтелді табуда қиындыққа тап болып жатады. Фольклористикада паремияларды, әсіресе мақал мен мәтелдерді ортақ классификациялау әлі құрылмады. Осыған байланысты, жинақтаушылар мен жинақтарды қолданушылар қиындықтарға тап болуда. Классификацияның әр принципінде: негізгі сөздер арқылы, алфавит, тақырып жағынан, идея, жинақтау орны мен уақыты, жинақтаушы, пайда болған белгісі (халық пен тіл жағынан) – өзінің артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Көне жинақтарда мақал-мәтелдер негізінен алфавит түрінде берілген. Көп таралған түр – идеялық-тақырыптық топтар. Қолданылып жүрген практикада бір мақал әртүрлі жинақта әртүрлі бөлімде кездеседі. Сонымен қатар, бір жинақта бірдей мағынадағы мақалдар әртүрлі бөлімде кездеседі. Жинақтарды құрастырушылар мен редакторлар мақал-мәтелдерді жинақтау кезінде үлкен қиындықтарға тіреледі. Бұның себебі – мақал-мәтелдерді жинақтаудың қанағаттанарлық классификациясының жоқтығы. Сондықтан мақал-мәтелдерді ғылыми классификациялау қазіргі таңда паремиялогияда негізгі мәселе болып тұр, оның шешімі табылмайынша бұл ғылымның ары қарай дамуы мүмкін емес.

Түйін сөздер: мақал, мәтел, фразеологизм, паремия, классификация.

Orazakynkyzy F.¹, Geray Fidan², Anipina A.K.³

¹Ph.D, candidate of philology, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²professor, Ankara Hadji Bayram Veli University, Turkey, Ankara

³doctoral student, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

Principles of the classification of proverbs and sayings

In the idiom of the language, the system of values, public morality, attitude to the world, to people, to other nations is displayed. Proverbs and sayings illustrate the way of life and geographical location, history, traditions of a particular people, united by one culture. Those who dealt with collections of proverbs and sayings, know how difficult it is to find the necessary dictum in them. Folklore studies have not yet developed a unified classification of paremias, in particular, proverbs and sayings. In this connection, both the compilers of the collection and users are experiencing difficulties. Each classification principle: by supporting words, alphabetical, thematic, ideological, by place or by gathering time, by collector, by origin (by nations and languages) – has its positive and negative sides. In ancient collections, proverbs and sayings are mainly arranged in alphabetical order. The most common distribution of material on the ideological and thematic groups. With the current practice of publishing, the same proverb in different collections falls into completely different sections. Moreover, in the same collection, similar and simply identical sayings appear in different sections. In turn, compilers and editors of the collections are experiencing the greatest difficulties in placing the proverbial material and its categorization. The whole thing – in the absence of a single and somewhat satisfactory classification of the sayings. Therefore, the question of the scientific classification of proverbs and sayings for today is the fundamental question of modern paremiology, without the solution of which this science itself cannot develop.

Key words: proverb, saying, idiom, proverb, classification.

Оразақынқызы Ф.¹, Герай Фидан², Анипина А.К.³

¹Ph.D, к.филолог.н., Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²профессор, Университет Анкара Хаджи Байрам Вели, Турция, г. Анкара

³докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

Принципы классификации пословиц и поговорок

В идиоматике языка отображается система ценностей, общественная мораль, отношение к миру, к людям, к другим народам. Пословицы и поговорки наглядно иллюстрируют образ жизни и географическое положение, историю, традиции того или иного народа, объединенные одной культурой. Кто имел дело со сборниками пословиц и поговорок, знают, как трудно бывает найти в них нужное изречение. В фольклористике еще не сложилось единой классификации паремий, в частности пословиц и поговорок. В связи с этим испытывают трудности и составители сборника, и пользователи. У каждого принципа классификации: по опорным словам, алфавиту, тематического, идейного, по месту или по времени собирания, по собирателю, по признаку происхождения (по народам и языкам) – есть свои положительные и отрицательные стороны. В старинных сборниках пословицы и поговорки в основном размещены в алфавитном порядке. Наиболее распространено распределение материала по идейно-тематическим группам. При существующей практике издания одна и та же пословица в разных сборниках попадает в совершенно различные разделы. Более того, в одном и том же сборнике сходные и просто одинаковые изречения оказываются в разных разделах. В свою очередь, составители и редакторы сборников испытывают наибольшие трудности именно в размещении пословичного материала и его рубрикации. Все дело – в отсутствии единой и сколько-нибудь удовлетворительной классификации изречений. Поэтому вопрос о научной классификации пословиц и поговорок на сегодняшний день коренной вопрос современной паремологии, без решения которого не может развиваться сама эта наука.

Ключевые слова: пословица, поговорка, фразеологизм, паремия, классификация.

Кіріспе

Халықтың даналығы мен рухы сол елдің мақал мен мәтелдерінен көрініс табады, сол халықтың мақал-мәтелін білу, сол шет тілін жақсы біліп қана қоймай, халықтың ойлау образы мен ерекшелігін білу деген сөз. А.Н. Афанасьевтің айтуынша «мақалдар формасы жағынан бұрмалауға түспеген, сондықтан көненің ескерткіші болып табылады. Мақалдар ата-бабаның негізгі даналық туралы қайнар көзі, есте сақтау мен адамның тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған құрал» (Афанасьев А.Н. 1996).

Фольклор саласы тұрғысынан мақал ауызша характерге ие. В.И. Дань мақалды халықтың қарым-қатынас жасайтын ортасындағы өнім деп айтады «Что за пословицами и поговорками надо идти в народ, в этом никто спорить не станет, в образованном и просвещенном обществе пословицы нет. Готовых пословиц высшее общество не принимает, потому что это картины чуждого ему быта, да и не его язык; а своих не слагает, может быть, из вежливости и светского приличия: пословица колет не в бровь, а прямо в глаз» (Дань В.И., 2003). Мақал-мәтелдер халық мәдениетінің бір бөлігі, сондықтан олар қашанда өзекті болып қала бермек. Кез келген уақытта

мақал мен мәтелдер халықтың ерекшелігі, назар аударатын және зерттеу объектісі болып табылады. Фольклорлық, әдеби және лингвистикалық тұрғыдан зерттеумен қатар, мақал-мәтелдерді ХХ ғ. лингвомәдени тұрғыдан зерттеу пайда болды. Мақал мен мәтелдер зерттеушілерге оларды халықтың психологиясы мен философиясындағы тұрақты тіркестер ретінде қарастыру қызықтырды, В. Гумбольдт өз заманында халық рухы, рухани ерекшелік деп атап кеткен.

«Лингвомәдениеттану негізінде тілдің коммулятивті қызметі жатыр, бұл жерде тіл тілдік емес ұжымдық тәжірибені сақтаушы және тасымалдаушы, осы жағынан мақал мен мәтелде айқын көрсетіледі» (Маслова В.Л., 2001). Мақал мен мәтелге лингвомәдени анализ жасау сыртқы факторлармен байланысты: елдің тарихымен, мәдениетімен, өмірімен және т.б. Лингвоелтану аспектісінде мақал мен мәтелді зерттеу оларға қосымша ұлттық-мәдени семантика жағынан мағыналық түс беруге көмегі зор.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – әртүрлі халықтың мақал-мәтелін классификациялау принципін анықтау.

Ол үшін келесідей міндеттер қойылды:

Мақал мен мәтелді түсіндіретін материалдармен жан-жақты танысу.

Әртүрлі халық зерттеушілерінің мақал-мәтелді классификациялау әдістерін қарастыру.

Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал мен мәтелді классификациялау принциптерін сипаттау.

Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерге тақырыптық-семантикалық тәсіл бойынша мысалдар келтіру.

Берілген зерттеу жұмысының материалдары қытай тілін үйренушілерге, қытай тілінен сабақ беретін оқытушыларға пайдалы, сонымен қатар қытай және қазақ тілін салыстыра зерттеп жатқан зерттеушілерге қосымша материал ретінде пайдасы зор.

Тарихнамаға шолу

Мақал мен мәтелдер халық даналығының жиынтығы. Мақал-мәтелдер халықтың өмірі мен дүниетанымын көрсетеді, олар арқылы халықтың әлеуметтік, философиялық, діни, моральді-этикалық, эстетикалық көзқарастарын көруге болады. Олардың тақырыптарының шегі жоқ деуге болады. Г.А. Пермяков типологиялық классификациясы негізінде «Мақал – грамматикалық жағынан толықтай аяқталған мағынаның образды мотиві», ал «Мәтел – грамматикалық жағынан толық аяқталмаған, мағынаның образды мотиві» деп айтады. Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте «Мақал – қысқа, күнделікті сөйлеуде тұрақты, ритмі ұйымдасқан, онда халықтың көп жылдық тәжірибесі жинақталған, әріптік және ауыспалы мағына иеленген» деген анықтама берілген.

Мақалдың ең негізгі ерекшелігі – оның толықтығы және дидактикалық мазмұны. Мәтелде қорытынды ой аяқталмаған.

М.И. Дубровин мақал терминінің мазмұнын былай көрсетеді:

- а) қысқалық, мазмұнды;
- б) мақал – ол сөйлем;
- в) мақал – ол цитата;
- г) мақал түп-тамыры терең ғасырларға кеткен;
- д) мақал шынайы көріністі бейнелейді;
- е) мақал – халық даналығын сақтаушы;

Мақал мен мәтелдер жинағымен жұмыс жасаған кез келген адам сол жинақтардан керекті мақал не мәтелді табудың қиын екенін түсінеді. Белгілі тәжірибе бойынша бір мақал-мәтел әртүрлі жинақта әртүрлі бөлімнен кездеседі. Жинақ құрастыратын, шығаратын құрастырушылар да қиындыққа тап болады. Мәселе –

мақал-мәтелдердің ортақ классификациясының болмауы. Мақал-мәтелдерді ғылыми тұрғыдан классификациялау – қазіргі паремиологияда ең маңызды мәселе болып тұр, оның шешімінсіз бұл ғылымның ары қарай дамуы қиынға соғады.

Қазіргі кезде мақал-мәтелдерді классификациялаудың бірнеше типтері бар. Солардың маңыздысына тоқталайық.

1. *Алфавитті классификация*. Бұл жерде мақал-мәтелдер алфавитті түрде классификацияланады. Көне жинақтардың көбінде осы типпен жинақталған. Бұның артықшылығы – оның қарапайымдылығы. Бірақ бұл тәсілмен бір мақал-мәтелдің әртүрлі варианты әр жерге таралып кетеді. Аударылған мақал-мәтелдер үшін өте ыңғайсыз болады, немесе мақал-мәтелді ыңғайлы әріптен басталатын сөзбен аударуға тура келеді.

2. *Лексикалық немесе энциклопедиялық классификация* – берілген мақал-мәтел құрамындағы негізгі сөздер бойынша классификациялау. Мысалы, қазақ тіліндегі «Темірді қызған кезінде сок», қытай тіліндегі «趁热打铁, 及时行事» [Chènrèdàtiè, jíshí xíngshì] мақалын ұста жайлы немесе темірге қатысты мақал-мәтел тобына немесе ыстыққа қатысты мақал-мәтелдер тобына жатқызуға болады. Осы типте совет одағының паремиологы А.Жигулев және көптеген шетелдік зерттеушілер өз жинақтарын құрастырған. Бұл тәсілдің артықшылығы – кейбір белгілі мақал-мәтелдерді іздегенге өте қолайлы, бірақ кемшілігі – мағынасы жағынан бірдей, лексикалық құрамы жағынан әртүрлі мақал-мәтелдер әртүрлі топтарға кетеді, ал сөздері бір-біріне жақын, бірақ мағынасы жағынан әртүрлі мақал-мәтелдер – бір топқа біріктіріліп кетеді.

3. *Монографиялық классификация* – мақал-мәтелдерді жинақтаған орын немесе уақыт бойынша немесе жинақтаушы бойынша біріктіріледі. Осы тәсілде 1961 жылы шыққан «Пословицы, поговорки, загадки в рукописных сборниках XVIII-XX веков» атты жинақта жинақталған. Осы тәсілмен жинақталған мақал-мәтелдердің ыңғайлылығы – тарихты зерттегенде пайдалы, бірақ алдыңғы екеуі секілді көптеген қайталанулар мен тәртіп сақталынбайды.

4. *Генетикалық классификация* – материалды пайда болған белгісі арқылы біріктіреді, негізінен тілі мен халқы жағынан. Осы принципте Шығыс әдебиеті баспасымен шыққан «Пословицы и поговорки народов Востока. Отв. ред. Брагинский И.С. М., 1961» мақал-мәтел жинағы мысал бола алады. Генетикалық жүйесі монографиялық тәсілді қайталайды, негізгі кемшілігі – бірдей мәтіндердің қайталануы.

5. *Тақырыптық классификация* – мақал-мәтелдер тақырып бойынша біріктіріледі, яғни мазмұны жағынан. Мысалы: «Ұста пышаққа жарымас, етікші бізге жарымас» «鞋匠无鞋穿» [Xiéjiàng wú xié chuān] мақалын етікші өмірі жайлы, кеңірек – ұста жайлы, одан да кеңірек – еңбек етушілер тобына кіргізуге болады. Осы тәсілмен В.И. Даля мен көптеген совет паремиологтары мақал-мәтел жинақтаған. Тақырыптық классификация көптеген керексіз элементтерді алып тастайды, негізгі көңіл бөлу керек элементті қалдырады. Алайда, бұл жүйенің де кемшілігі бар. Біріншіден, көптеген мақал-мәтелдер ауыспалы мағынада қолданылады, яғни тақырыбы көп, себебі бір тар тақырыпқа сыймайды. Екіншіден, паремиологтар ұсынатын барлық заттық-тақырыптық кластар өзара қиылысады, сондықтан нақты шешім шықпайды. Негізінде, «байлардың қызғаншақтығы» жайлы мақал-мәтелді қай тақырыпқа енгізген дұрыс, себебі жеке «байлар» жайлы, жеке «қызғаншақтық» жайлы тақырыптар бар болса? Үшіншіден, тақырыптық топқа бөлу әр құрастырушының өз еркі, әр құрастырушы өзі шешеді (Пермяков Г.Л., 1979).

Сонымен, әр берілген жүйенің өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар, әр жағдайда қолданылады. Алайда бұл жүйелердің бір кемшілігі: барлығы мақал-мәтелдің табиғатына байланысты емес кездейсоқ белгілерге сүйенеді. Сондықтан қазіргі бір де бір мақал-мәтел классификация жүйесі жанрының объективті теориясын құруға негіз бола алмайды. Мақал-мәтел – тіл құбылысы, тұрақты тіркестер, көбіне фразеологияға ұқсас келеді. Басқа жағынан, олар белгілі бір ойды білдіретін логикалық бірліктер болып табылады. Үшіншіден, олар көркем миниатюралар, шынайылықтың фактілерін қорытындылайды. Мақал мен мәтелдер қай халықта болмасын өте көп. Олар сөз мөлшері, айтылған ойдың грамматикалық жағынан тұтастығы, сөз тіркестерінің морфологиялық типтері, сөйлем түрлерінің құрылымы, синтаксистік және коммуникативті типтерге байланысты ерекшеленеді. Осындай әртүрлі мәтіндерді бір тілдік категорияға біріктіретін – олардың кескінінің тұрақтылығы. Олар тұрақты болып келеді, тілшілер айтуынша, олар клишеге жатады. Ауызекі тілді де, жазбаша формада да өзгеріссіз қолданылады.

Мақал клишелер басқа клишеден қалай ерекшеленеді? Тілшілер сөздің тура және ауыспалы мағынасына көңіл бөледі. «Оның мұрны көгеріп кетті» және «Баржаның мұрны бөшкелерге толды» деген сөйлемдер бірдей сыртқы түр

иеленген, бірақ ішкі мазмұны әртүрлі. Бірінші сөйлемде «мұрын» тура мағынасында, екінші сөйлемде ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Осындай жағдайлар мақал мен мәтелде де кездеседі: 1. «十个人，十条心» [Shí gèrén, shítiáo xīn]. Қанша дана адам болса, сонша ақыл бар. 2. Жылтырағанның бәрі алтын емес. 灿烂者非皆黄金 [Cànlan zhě fēi jiē huángjīn]. Біріншіде дана адамдар жайлы айтылған. Әр дана адамның өз ерекше ойы бар екендігі жайлы айтылған. Екінші, клишеде алтын жайлы айтылған секілді. Бірақ, жылтыраған деп бұл жерде адам не кез келген зат жайлы айтылып тұр, яғни беті жылтыр, сыртқы түрі жақсы нәрсенің бәрі жақсы зат емес делінген мағынада. Бірінші сөйлемде мағына тура беріліп тұр, екінші сөйлемде образды түрде берілген.

Мақал мен мәтелдің осы белгі арқылы ерекшелігі үнемі айқын бола бермейді. Көптеген мақал-мәтелдер образды мотивпен ауыспалы мағына ғана емес, тура мағына да иеленеді. Басқа жағынан, тура мотивтегі мақал-мәтелдер ауыспалы мағына иеленуі де мүмкін. Грамматикалық жағынан аяқталған белгі мақалдарды классификациялауда шешуші орын алады, ең алдымен мақалды мәтелден айыру үшін көмегі зор. Әртүрлі зерттеушілер мақалды – сөйлем түрін иеленген (грамматикалық жағынан толықтай біткен), мәтелді – оның бір бөлігі (грамматикалық жағынан толықтай бітпеген) деп атап көрсетеді. Сонымен қатар, мақал мен мәтелдің бір-біріне өте жақын екендігі де айтылады.

Мақал мен мәтелдің тілдік құрылысын дұрыс түсіну үшін лингвистикаға сүйенген жөн. Тіл туралы қазіргі жаңа ғылымда тіл мен сөйлеу түсініктері айқын ажыратылған. Тіл – белгі жүйесі, бүкіл халыққа міндетті, жеке индивидтерге мүдделі емес; сөйлеу – бір адамның екінші адамға хабар беретін жеке акция. Сөйлеу қатты немесе жәй болуы мүмкін, түсінікті және түсініксіз, сыбырлап сөйлеу және өлеңдете сөйлеу; тіл болса біреу ғана, бәріне ортақ. Сөйлеуде әр сөйлеген индивидтің ерекшелігі көрінеді; тілде ортақтық бар, барлық жеке сөйлеуді біріктіріп өзгелерге түсінікті етеді. Сөйлеу жеке тіл базасында өмір сүреді; тіл болса жеке сөйлеуде өмір сүреді.

Сөйлеу құрамына басқа адамдардың бәріне түсінікті мақал клишелер жатады.

Мақал мен мәтелге грамматикалық жағынан аяқталған үш түрлі клише жатады:

Жеке сөз тіркестері: *Сырды шөпті қарауылдасын деп қалдырды.*

Тәуелсіз сөйлемдер: *Сынған кесе қайта жамалмайды.*

Тұтас әңгімелер немесе қойылымдар: *Түйеге: – Құттықтаймыз, сені ханның өзі таңдады! – депті. – Білемін, – деп жауап беріпті түйе, – Кохбқа тұз әкелуге жұмсайды немесе Шарурға күріш әкелуге жібереді.*

1 және 2 типтегі клише сөйлеуде қолданылып жүр: 1. *Имярек сиырды шөпті қарауылдасын деп қалдырды.* 2. *Сынған кесе*

қайта жамалмайды. Осылардың біріншісінде сөйлеу түпнұсқасы бойынша сөз қосылған (Имярек), екіншісі өзгеріссіз. Үшінші клише бойынша, тілде және сөйлеуде бірнеше сөйлеммен берілген, жоғарыфазалық тұтастық құрады.

1 типтегі клишені мәтелге жатқызуға болады, 2 типтегі клишені мақалға, 3 типтегі клишені қысқа әңгімеге. Осы үш типтің өзара қатынасын келесі кестеден көруге болады.

1-кесте

Клишенің синтаксистік (толықтығы) аяқталғаны	Түр
1. Сөйлеу түпнұсқасынан толықтырылған жабық емес сөйлем 2. Тұрақты мүшелерден құралған жабық сөйлем 3. Жоғарыфазалы бірлік (қойылым)	Мәтел Мақал Қысқа әңгіме

Мақал мен мәтел жинақтарының алғысөзінде үнемі жинақта берілген мақал-мәтелдер халықтың тұрмыс, дәстүр, өмір ерекшеліктерін көрсетеді деп айтылады. Бұл өте орынды айтылған, мақалда да, мәтелде де басқа фольклор жанрында секілді ғасырлар бойы халықтың нені бастан кешкендері жайлы білуге болады. Бұл жерден еңбек құралдары мен әшекейлер, географиялық орта, климат, жануарлар мен өсімдіктер әлемі жайлы этнографиялық реалиилер топтамасын көруге болады; бұл жерде тарихи тұлғалар жайлы естеліктер, ертедегі діни көзқарастар жайлы естеліктер алуға болады.

Таңқаларлығы, әртүрлі халықтың мақал-мәтел жинақтары бір-біріне ұқсас болып келеді. Қай халықтың мақал-мәтел жайлы жинағын қарамасаңыз, бірінші бетінен таныс мақалдар кездеседі. Қытай және қазақ мақал-мәтелдерінің де көп ұқсас тақырыпта жазылған мақал-мәтелдерін кездестіруге болады.

Ақша жайлы:

有钱能使鬼推磨.

[yǒu qián néng shǐ guǐ tuī mò]

(тікелей аударма: Ақшаң болса, шайтан да кері шегінер)

«Ақша ашпайтын құлып жоқ»

Дос, достық жайлы:

钱多不如朋友多.

[Qián duō bùrú péngyǒu duō]

(тікелей аударма: Ақшаның көптігі достықтың көптігіне жетпейді)

«Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын»
山高知马力, 难中识友情.

[Shān gāozhī mǎlì, nán zhōng shì yǒuqíng]

(тікелей аударма: Жылқы тауға шыққанда танылады, дос қиындықта)

«Дос басыңа іс түскенде танылады»

Мал шаруашылығы жайлы:

«Малды жазда айдап бақ, қыста байлап бақ»

«Сиыр суға, түйе тұзға құмар»

«Таутеке тауға шықпаса, тұяғы қышиды»

«Мал тонда жатса тулақ, көнде жатса қунақ»

春天一刻值千金, 农事季节不饶人.

[Chūntiān yīkè zhí qiānjīn, nóngshì jìjié bù ráo rén.]

七十二行, 庄稼人头一行.

[Qīshí'èr háng, zhuāngjiārén tóu yīxíng.]

庄稼要好, 上粪要跑.

[Zhuāngjià yào hǎo, shàng fèn yào pǎo]

Еңбек жайлы:

«Еңбексіз тапқан алтыннан, еңбекпен тапқан жез артық»

«Еңбек етсең емерсің»

不劳动者不得食.

[Bù láodòng zhě bùdé shí.]

少壮不努力, 老大徒伤悲.

[Shàozhuàng bù nǔlì, làodà tú shāng bēi]

Білім жайлы:

«Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні қаріп»

只要功夫深, 铁棒磨成针.

[Zhǐyào gōngfū shēn, tiě bàng mó chéng zhēn.]

(叶芳来. 2005).

Неге бұлай? Неге әртүрлі халықтың мақал-мәтелдері ұқсас болып келеді? Паремиолог-ғалымдар бұл сұраққа әртүрлі жауап береді. Біреулері мақал мен мәтелді халықтың этникалық және тілдік туыстығы жағынан байланыстырады, біреулері – шаруашылық және мәдени қарым-қатынас арқылы кірген деп айтады, үшінші пікір – тарихи тәжірибе мен қоғамдық даму сатысы бірдей «идеология бірізділігі» жағынан байланыстырады.

Туыс емес халықтардың мақал-мәтелдерінде көптеген ұқсастықтар болады. Мысалы:

Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.

十年树木，百年树人

[shí nián shù mù, bǎi nián shù rén]

«Арқамнан ауыр жүк түскендей»

如释重负

[rúshìzhòngfù]

(Жеңілдеп қалғандай болдым)

«Айтылған сөз атылған оқпен тең»

一言既出，驷马难追

[yī yán jì chū, sì mǎ nán zhuī]

(тікелей аударма: Сөз торғай емес, шығып кетсе ұстай алмайсың) (叶芳来. 2005).

Заттардың бір-бірімен байланысы мақал мен мәтелдің негізгі мағынасын құрайды. Бұл келесі мысалдан көрінеді: барлығымыз «сөзге» міндетті түрде бір мақал не мәтелді қосып айтамыз, бірақ қай мақалды айту керектігін қайдан білеміз? Егер, мысалы бір жақсы, қолынан іс келетін, тәжірибелі адам туралы айтып жатсақ, бірден «Шеберді шеге қағысынан танысың» деп айтамыз, ал егер кез келген қиындықтан оңай сытылып шығатын адам туралы айтқанда «Сүттен ақ, судан таза» деп айтамыз. Біз жағдайға байланысты клише таңдаймыз. Онда мақал мен мәтел – белгілі бір жағдай белгілері немесе заттар арасындағы белгілі қарым-қатынас болғаны.

Олар белгі болып табылса, олардың сыртқы образы маңызды емес болғаны. Бұл көше қозғалысындағы тәртіппен байланысты белгіге ұқсағаны. Автокөлік жүргізушісіне жол қозғалысын реттеушінің оған арқасымен немесе алдымен қарап тұр ма, жол реттеуші жоқ болса – бағдаршамда қызыл шам жанса; себебі бірінші де, екінші де, үшінші де бір мағынаны білдіреді (жол жабық).

Темірді білмейтін халықтарда «Темірді қызған кезінде соқ» деген мақал орнына «Саз балшықтан шикі болып тұрғанда жаса», «От өшпей тұрып асқабақты дайында» деген мақалдар бар – бұл мақалдардың бәрі «Кеш болмай тұрып жұмысты бітір» деген мағынаны білдіреді. Қытай тілінде бұл мақалдың баламасы

бар, себебі темірді қытай халқы жақсы біледі, пайдаланады:

趁热打铁，及时行事

[Chènrèdǎtiě, jíshí xíngshì] (тікелей аударма: Уақытысында іске кіріс) (叶芳来. 2005).

Осы себепте мақал мен мәтелдердің ұлттық жинақтары біріне бірі ұқсаған, оларды құрастырушылар ерекше мақал мәтел тандап құрастырса да. Кез келген тілдің жинағында сол мақал-мәтелге ұқсас мағынадағы мақал-мәтелді кездестіруге болады. Тек ұқсас мақал-мәтелді кездестіруге болады, тура сондай емес. Олардың мағынасы бір болады, бірақ объектілер басқа болады.

Мақалдардың табиғат белгісі келесі жағдайлармен байланысты.

Мақал – өмірде кездесетін және ойлау жағдайларының белгілері болып табылады, ал осы жағдайлардың өздері мақал-мәтелдерге тиесілі, олардың инварианттары болып табылады. Бір мағынаны білдіретін барлық мақалдар – варианттар, ал жағдай – инвариант болады. Мақалдарды олардың мағынасы жағынан біріктіретін болсақ, жағдайдың классификациясын да құру керекпіз.

Алдымен барлық мақал-мәтелдерді логикалық-тақырыптық топтарға біріктіру керек. Ресей ғалымы Г.Л. Пермяков өзінің «Пословицы и поговорки народов Востока. Систематизированное собрание изречений двухсот народов» атты еңбегінде топтардың 100-ден аса түрін көрсетеді. Көптеген топтар бір-біріне ұқсас болып келді. Логикалық-тақырыптық топта «Себеп-нәтиже» деп аталатын қатынас қарапайым салдар құрайды. «Егер себеп болса, оның салдары да болады, себеп болмаса, салдары да жоқ». Бірақ логикалық-тақырыптық топта «Сұлулық пен махаббат» деп аталатын топта мына объектілер ұқсас: «Кімді сүйсең, сол сұлу, сүймесең, сұлу емес». Яғни, «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу».

«Тудырушы (өндіруші) мен тудыратын (өндіретін)» тобында («Ата-анасы қандай болса, балалары да сондай» дегендей мақалдар топтастырылған) және «Акция мен реакция» тобы («Орманда нені айтып айқайласаң, соны естисің») күрделірек, бірақ бір-біріне жақын жақтары да бар: «Бір нәрсені өндіруші қандай болса, өндіретін сондай болып келеді» және «Акция қандай, оған деген реакция да сондай».

Логикалық-тақырыптық топтардың ішкі ұқсастықтары оларды біріктіруге көмегін тигізді. Осылай 4 класс пайда болды. Бірінші класс мынандай инвариантпен біріктірілді: «Егер зат бір қасиет иеленсе, ол басқа тағы қасиеттер иеленеді»; екіншісі, «Егер бір зат болса, екінші

зат та бар»; үшіншісі, «Егер бір зат екінші затпен бір қасиет арқылы байланысса, басқа зат та тура сондай қасиет иеленеді»; төртіншіден, «Егер бір зат қандай да бір жақсы қасиет иеленсе, ал екінші затта ол қасиет болмаса, бірінші зат жақсырақ болғаны».

Логикалық-тақырыптық негізде мақал мен мәтелдерді біріктіру арқылы әр топта мағынасы жағынан ұқсас мақал-мәтелдердің кездесетінін байқауға болады. Кейбіреулері тек стилистикалық жағынан ерекшеленген, «тақырыпты бұру» жағынан: «Анасы қандай болса, қызы да сондай», «Анасына қарап қызын ал». Келесілері образ ерекшелігімен көрінеді, үшіншілері қарама-қайшылықты мойындамай өз ойында тұруды көздейді: «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аласың», «Қауын пәлегінен ұзамайды». Төртіншілері объекті бірдей қарым-қатынасына бағытталады: «Айтылған сөз атылған оқпен тең», «Қылыш тәнді жаралайды, Өсек жанды жаралайды».

«Өзіңдікі немесе бөтен?» деген топты қарайтын болсақ, бастапқыдағы «Тұлпардың өз тұяғы өзіне ем», «Өз елім – өлең төсегім» мақалдарын қарама-қайшы қоятын болсақ: «Өзімдікі жаман болуы мүмкін емес», «Өзімдікі жаман болмайды», «Егер ол өзімдікі болса, ол жақсы». Бұл мағыналар «Өзінікі – өзіне дәрі» мақалына сәйкес келеді.

Паремиологиялық қорда бар мақал мен мәтелдердің тақырыптық тобын ары қарай зерттеу нәтижесінде негізгі мынандай тақырыптар алынды. Бірінші топқа жататындар бір заттың әртүрлі жағын көрсетеді: «Басы – Аяғы», «Мазмұны – формасы», «Тұтас-Бөлік», «Жоғары-төмен» және т.б. Екінші топқа жататындар физикалық жағынан әртүрлі объектілер, бірақ бір-бірімен ортақ қасиет арқылы байланысқан: «Сау-Ауру», «Ақылды-Ақылсыз», «Жаңа-Ескі» және т.б. Үшінші топқа физикалық жағынан әртүрлі, бірақ бір-бірінсіз өмір сүре алмайтын жұптар: «Өндіруші-Өндірілген», «Негізгі-Қосымша» және т.б.

Екінші топтағы тақырыптық жұптар мынандай кішкене топтарға бөлінеді: а) мүшелері өз-өзімен өмір сүретін жұптар, аралық форманы болдырмайды, яғни өздерінің жұптарының сапасы бойынша ерекшеленеді (мысалы «Күшті-Әлсіз», «Биік-Төмен» және т.б.), сапа деңгейіне байланысты ерекшеленбейтін мүшелерінің арасында аралық форма болмайды (мысалы «Дос – Қас», «Өзімдікі – Бөтен»).

Сонымен қатар, төртінші топтың да тақырыптық жұптары бар, қарапайым тақырыптық жұптар қиылысуы бар. Мысалы, «Сапа – Мөл-

шер», «Сұлулық – Махаббат», «Жақсы – Жаман», «Аз – Көп», «Сұлулық – Ұсқынсыз», «Сүйкімді – Сүйкімсіз».

Төменде инвариантты тақырыптық жұптар тізімі беріледі, бұл жерде мақалдардың біратаулы заттық-тақырыптық тобы негізінде жасалған, ең маңызды тақырыптар таңдалып алынды.

Бір заттың әртүрлі жағын көрсететін, бір-біріне қарама-қайшы қойылған инвариантты жұптар:

МАЗМҰН – ФОРМА. Заттардың формасы мен мазмұны туралы, олардың ішкі және сыртқы жақтары жайлы, олардың көрінуі, болмыс пен құбылысы жайлы, заттың өзі жайлы (киім, әшекей, орам).

БҮТІН – БӨЛІК. Тұтас заттар және жеке элементтер жайлы, бір бүтінді құрайтын әртүрлі бөліктер жайлы, толық жиынтық құрайтын заттар жайлы және бір жиынтықтан алынған жеке зат жайлы.

БАСТАМА – СОҢЫ. Заттардың бастамасы мен соңы жайлы, сондай-ақ өмірдің басы мен аяғы жайлы (дүниеге келу мен өлім), күннің басталуы мен аяқталуы (таңсәрі мен кеш), жылдың басы мен аяғы (көктем мен қыс немесе күз), бір істің басталуы мен аяқталуы.

БАСТАМА – ЖАЛҒАСУ. Кез келген істің басы мен жалғасуы жайлы, іс-әрекеттің табиғи және табиғи емес жалғасуы мен нәтижесі жайлы, жалпы алдыңғы және кейінгі жайлы.

ЗАТ – БЕЛГІ. Зат және оның ерекше белгісі жайлы, түсі, формасы, ерекше қасиеті, қимылы және т.б. жайлы.

ЖОҒАРЫ – ТӨМЕН. Заттардың жоғарғы және төменгі жақтары жайлы, аспан мен жер жайлы, таудың шыңы мен төменгі жағы жайлы, ғимараттың шатыры мен фундаменті жайлы, адамның басы мен аяғы жайлы, ағаштың жоғарғы басы мен тамыры жайлы және т.б.

Сонымен, заттардың әртүрлі қасиеттеріне байланысты инварианттар саны 100-ге жуық екенін айтып өттік. Бұл инварианттар тізімі жайлы ғалымдар арасында дау туған кездері де болған. Кейбір топтарды біріктіру жайлы, ал кейбірін керісінше ажырату керек деген. Әрине, әр ғалымның пікірі ұқсамайды, сондықтан мақал-мәтел жинақтауда негізі осы инварианттарға қарап құрастырылса, тақырып бойынша жинақталады деген сенімдеміз.

Танымал ғалым Владимир Даль өзі жинақтаған мақалдарды 179 тақырыптық бөлікке бөлген: сенім элементтеріне арналған (құдай, күнә, тақуалық, діни қозғалыс және т.б.), тағдыр жайлы (шыдамдылық, үміт және т.б.), бақыт жайлы

(сәттілік), байлық пен кедейлік жайлы, жомарттық, сарандық, ұқыптылық және ысырапшылық жайлы. Бұл тақырыптар халық өмірі секілді кең.

Талқылаулар мен нәтижелер

Әрине, мақалдарды тақырыптық жинақтау тәжірибесі олардың шынайы қасиеттеріне сүйенеді: әр мақалдың өз тақырыбы бар – мақалдың көпмағыналылығы оның тақырыбының шегі жоқ деген емес. Осы көпмағыналылық тақырыпқа қарағанда мақалдарды талқылауға қиындық тудыртады. Осы себепті көптеген жинақтарда мақалды тақырыптық-жинақтау жүйесі сәтсіз болып жатады: олар қатал емес, бөлімдері бір-бірін жауып кетеді, жинақтарды пайдалану қиынға соғады, кейде іздегеніңді таппайсың.

М.А. Рыбникова мағыналық принципке сүйенген классификацияны ұсынады:

1) айналмалы түсінік, адам жайлы айтатын, адамның ішкі және сыртқы сапасы жайлы айтылады;

2) адамның жағдайы: физикалық, материалды, психикалық;

3) іс-қимылдың анықтамасы мен бағасы;

4) жағдай: себеп, орын, іс-әрекет уақыты;

5) құбылыс, заттар, олардың жеке анықтамасы мен бағасы. Саны мен сапасы (Рыбникова М.А., 2003).

Мақал-мәтелдерді семантикалық принцип негізінде классификациялау да мақал-мәтелдерді жинақтаудың бір түрі. Осы классификация негізінде халық күнделікті өмір жайлы не айтады, соны білуге болады. Егер қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер жайлы айтатын болсақ, олар түбегейлі бір-біріне ұқсамайды, себебі әртүрлі тарихи және қоғамдық-экономикалық жағдайда қалыптасқан. Бұл екі халықтың даму жағдайы екі түрлі: географиялық жағдайы және климаттық жағдайы екі түрлі, ұлттық ерекшеліктері, темпераменттері, менталитеттері бір-біріне ұқсамайды. Сондықтан қазақ тіліндегі көп мақал-мәтел қытай тілінде жоқ және керісінше. Қазақ халқы мақал-мәтелге өте бай. Қазақ даласынан шыққан ұлы ойшылдар, ағартушылар, даналар артына қалдырып кеткен өсиет, үлгі-өнеге сөздері күні бүгінге дейін ауыздан ауызға тарап, жас ұрпаққа беріліп келеді. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің тақырыптары әр алуан болып келеді. Олар халықтың рухани, шаруашылық, әлеуметтік, өмірін түгел қамтиды. Қазақ мақал-мәтелдерінің басты тақырыбының бірі – Отан, туған жер

байланысты. Елін, Отанын сүйген қазақ халқы Отанын шексіз сүюді кейінгі ұрпағына өсиет етіп қалдырған. «Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Өз елің – алтын бесігің» және т.б.

Қазақ мақал-мәтелдерінің үлкен бір саласы – еңбекке арналады. Қазақ халқы еңбекті әр уақытта ардақтап, бүкіл игіліктің көзі деп таныған. Бұл «Еңбек түбі – береке», «Ер дәулеті – еңбек», «Еңбек етсең, емерсің», «Бейнет, бейнет түбі – зейнет», «Еңбек ет те, егін ек – жарымасаң, маған кел, белді бу да бейнет қыл, байымасаң, маған кел» деген мақалдардан айқын аңғаруға болады. Енді мақал-мәтелдердің басты тақырыбының бірі – оқуға, өнер-білім, ғылымға арналады. Қазақ халқы оқудың, білімнің қоғамдық өмірдегі орнын ерекше бағалаған. Адамзат баласының дүниедегі қол жеткен табыстары – адам еңбегінің, ғылым мен білімнің жемісі екенін мақал-мәтелдер арқылы көрсеткен: «Білімді өлмес, қағазда аты қалар, ұста өлмес, істеген заты қалар», «Өнер – ағып жатқан бұлақ, білім – қайық», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген мақал-мәтелдер білімге, өнерге үндейді. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің негізгі тақырыптарына тоқталатын болсақ: кітап; білім-оқу; бірлік, ынтамақ, ырыс; ас; жер, отан, ел; тіл, сөз; жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары; қыран құс, құмай тазы, аңшылық, саяхатшылық; денсаулық, сергектік, тазалық; тәлім, тағылым, тәрбие; ілім, білім, өнер; жанұя, туыстық қатынастар; отбасы, махаббат, өмір, өлім; салт-дәстүр, әдет-ғұрып; жануарлар, төрт түлік мал; адамның өмірі; адалдық, адамгершілік, достық; ұрлық, ұят, ынсап, пейіл; қырағылық, сақтық; еңбек, байлық, кәсіп-нәсіп; ер, ерлік, батырлық және т.б.

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдерде халықтың өмірі мен тіршілігі көрсетіледі. Талантты, еңбекқор қытай халқының ойы мен үміті мақал-мәтелдерінде көрініс табады. «Мақал – белгілі бір кезеңдегі халық ойының кристалы» деп қытай әдебиетінің классигі Лу Синь айтып кеткен.

Қытай халқы ғасырлар бойы өздеріне зұлымдық жасаған адамдармен күресіп келген: басшылармен, шенеуніктермен, байлармен. Қытай тіліндегі көптеген мақал-мәтелдерінде осы жағынан айқын көрсетіледі. Қытайдың көп мақалдары еңбекті, шеберлікті, білімді мадақтауға, еріншектікті, немқұрайдылықты, надандықты адам бойынан алшақ ұстауға шақырады. Мақалдарында материалды құндылықтарды жасаушыларға құрметпен қарауға

шақырады: «Су ішкен кезде, құдықты қазған адам жайлы ұмытпа».

Қытай халқы көп көңілді сынаққа, өз-өзін сынауға арнайды. Мысалы, «Сыннан қорықпа, аса көп мадақтаудан қорық», 苦言药, 甘言疾 «Ащы сөз – дәрі, тәтті сөз – у».

Көптеген тақырып оқу, ағарту жайлы болып келеді. «Оқу – ағысқа қарсы жүзген секілді: тоқтап қалсаң, артқа қарай тартып кетеді».

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің негізгі тақырыптары: сөз, сөйлеу, сын, өз-өзін сынау; адам, ұжым; адамның мінезі; басшылар, ше-неуліктер; байлық, кедейлік, ұқыптылық, ысырапшылық; еңбекқорлық, немқұрайдылық, білім, надандық; табиғат, халық нанымдары; жер шаруашылығы, балық шаруашылығы; отбасы, достық, махаббат, өмір, өлім; шындық, тәрбие,

нұсқау; өмірлік тәжірибе (Введенская А.А., 1999).

Қорытынды

Әр халықтың мінезіндегі, тіліндегі ерекшелік менталитеттен басталады. Берілген мақалада ұлттық менталитеттің ерекшелігі қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерді заттық-семантикалық тұрғыда классификациялау арқылы көрінеді.

Кез келген халықтың мақал-мәтелін басқа халықпен салыстыру үшін, мақал-мәтелдерін жинақтаушылар бірнеше тәсілге жүгінетінін көрсеттік. Бұл көрсетілген тәсілдердің қайсысын тандайтыны, жинақтаушы зерттеушінің өз талғамы. Солай бола тұрса да, мазмұнға сүйеніп жинақтау, ең пайдалы болары сөзсіз.

Әдебиеттер

- Афанасьев А.Н. (1996) Происхождение мифа. – М.: Высшая школа. – 150 с.
 Даль В.И. (2003). Пословицы русского народа. – М.: Издательство Эксмо, Изд-во ННН. – 616 с.
 Маслова В.Л. (2001). Лингвокультурология. – М.: Издательский центр «Академия». – 208 с.
 Пермяков Г.Л. (1979). Пословицы и поговорки народов Востока. – М.: Наука. – 672 с.
 叶芳来(2005). 俄汉谚语俗语词典. 商务印书馆. - 北京-394 页。
 100 жемчужин китайской мудрости. (2007) – М.: АСТ: Восток-Запад. – 217 с.
 Китайские пословицы и поговорки. (1999). – Ростов на Дону. – 120 с.
 Рыбникова М.А. (2003) Русская поговорка / Русское устное народное творчество: хрестоматия по фольклористике / под ред. Ю.Г. Круглова. – М.: Высшая школа.
 Введенская А.А. (1999) Китайские пословицы и поговорки. Ростовское книжное издательство. – Ростов на Дону. – 120 с.

References

- Afanas'yev A.N. (1996). Proiskhozhdeniye mifa. – M.: Vysshaya shkola,. –150 s.
 Dal' V.I. (2003). Poslovitsy russkogo naroda. – M.: Izdatel'stvo Eksmo, Izd-vo NNN,. – 616 s.
 Maslova V.L. (2001). Lingvokul'turologiya. – M.: Izdatel'skiy tsentr «Akademiya»,. – 208 s.
 Permyakov G.L. (1979). Poslovitsy i pogovorki narodov Vostoka. Nauka,-M.,. –672 s.
 Yè fāng lái (2005). é hàn yǎn yǔ sù yǔ cí diǎn. shāng wù yìn shū guǎn. - běi jīng-394 yè。
 100 zhemchuzhin kitayskoy mudrosti. (2007). - M.: AST: Vostok – Zapad,. – 217 s.
 Kitayskiye poslovitsy i pogovorki. (1999). – Rostov na Donu. – 120 s.
 Rybnikova M.A. (2003). Russkaya pogovorka / Russkoye ustnoye narodnoye tvorchestvo. Khrestomatiya po fol'kloristike. Pod red. YU. G. Kruglova. – M.: Vysshaya shkola.
 Vvedenskaya A.A. (1999). Kitayskiye poslovitsy i pogovorki. Rostovskoye knizhnoye izdatel'stvo. – 120 s.